Бақылау
12.01.22ж
нұрлы

Тобы: «Жауқазын»
Өтетін күні: 13.01.2022 жыл
Білім беру саласы: «Шығармашылық».
Ұйымдастырылған оқу қызметі: Сурет
Тақырыбы: «Біздің сәнді шыршамыз»
Мақсаты: Шырша салу әдісін меңгерту және оған жаңа жылдық сән беру. әр түрлі бояуларды пайдалана білуді үйрету.
Әдіс – тәсілдер: Түсіндіру, көрсету, әңгімелесу, сұрақ – жауап.
Қолданылатын құрал-жабдықтар: Көрнекі сурет, сурет салуға қажетті құралдар.

Іс-әрекет кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбер Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз.	Балалар шаттық шеңберін құрады.
Ұйым*дастыру кезеңі*	Педагог «Табиғи өскен шырша» тақырыбында әңгіме жүргізеді, балалардың естеріне шырша туралы мәлеметтерді түсіріп, толық жауап алады, анық сөйлеуін қадағалайды. Жұмбақ жасыру. Жасыл тоның бояуы, Жыл он екі ай тозбайды. Дің, бүршіктер, сояуды, Қысқы аязға төңбайды. –Осы шыршаға ұқсас тағы қандай ағаш бар? Оның ұқсастығын хош иісі арқылы анықтаймыз. –Балалар, біз шыршаны жақсы білеміз, Жаңа жыл мерекесінде үйде, балабақшада шыршаны ойыншықтар іліп, әдемілеп безендіріп қоямыз. Сергіту сәті. Орнымыздан тұрайық, Әдемі шырша болайық, Балдырғандар билесе, Шыр көбелек айналып, Бой сергітіп алайық. Жұмыс барысы. Алдымен дің салуды, төменгі жағы жуандау, жоғары бөлігі жіңішке болып келетінін, бұтақтарын жоғарыдан төмен қарай сызықтармен сызу арқылы салуға болатынын түсіндіреді. Шырша бұтақтарына оның тікенектерін салғанда жоғарыдан	Шыршаны ұстап көреді, сезінеді, ерекшеліктеріне көңіл аударады. -Шырша. -Қарағай да шыршаға ұқсайды. –Жаңа жыл мерекесін тойлағанда көреміз. Сол шыршанын қасында ән салып, би билеп Жаңа жыл мерекесін қарсы аламыз. Өлең жолдарына сәйкес қимылдар жасайды. Қылқаламмен

	төменге қарай сызықты үзбей салу керектігін айтады. Педагог әр бүлдіршіндермен жеке жұмыс жүргізеді. Жақсы нәтижеге жетуге бағыт береді. Тапсырманы орындау үшін алдымен тікенектердің орнын қылқаламмен жүргізеді, сосын салады.Бояуды дұрыс таңдауға бағыт береді.	Өз бетінше жұмыстанады. Әр бала сурет салу үшін бояуды таңдап алады.
Рефлексиялық түзетушілік	-Балалар, бәрін де жақсы сурет салдыңдар. Шыршаларыңды Аяз – ата көріп, қуанып қалатын болды. Балалардың жұмысына талдау жасайды, жақсы жұмыс істеген балаларды мақтап, мадақтайды. Шырша туралы әндерін қайталап айтады.	Балалар шырша туралы әңгімесін тыңдайды, сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:
Болуы: Жаңа жылдық шыршаның бейнесін салуды біледі.
Білуі: Тікенектерді сызықпен үзіліссіз сызып салуды игереді.
Қолынан келуі: Түстер мен ырғақты сезіне білуді меңгереді.

Қарастырылды
20.01.22ж
нұрлы

Тобы: «Жауқазын»
Өтетін күні: 20.01.2022 жыл
Білім беру саласы: «Шығармашылық».
Ұйымдастырылған оқу қызметі: Сурет
Тақырыбы: «Алжапқыш»
Мақсаты: Киім атауларымен таныстыру. Қылқаламды басу әдісін пайдалана отырып сурет салуға үйрету.
Әдіс – тәсілдер: Түсіндіру, көрсету, әңгімелесу, сұрақ – жауап.
Қолданылатын құрал-жабдықтар: Көрнекі сурет, сурет салуға қажетті құралдар.

Іс-әрекет кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Балалар шаттық шеңберге тұрып жылулық сөздерін айтады.	Балалар шаттық шеңберін құрады.
Ұйым*дастыру кезеңі*	Ұйымдастырушылық- оятушылық Педагог балаларға қуыршақ Айсұлудың қонаққа келгендігін айтады. -Қуыршақ Айсұлу өзінің анасының туған күніне алжапқыш сатып алған екен. Алжапқышты әдемі ою-өрнектермен әшекейлегісі келеді, бірақ қалай әшекейлейтінін білмейді. Балалар, біз Айсұлуға көмек көрсете аламыз ба? «Алжапқыш» сөзін қайталайды. Педагог балаларға қуыршақ Айсұлуға алжапқышты әшекейлеп беру үшін үшбұрыш, төртбұрышты қылқаламды, сұқ саусақтарын пайдаланып, дөңгелектеп салуға болатындығын түсіндіреді. Сергіту сәті: Көбелекке ұқсап, Ұшайықшы бәріміз. Оңға қарай бір ұшып, Солға қарай бір ұшып, Айналайық жер шарын. Қуыршақ Айсұлу балалардың алжапқышты әдемі әшекейлегендеріне тоқталып, әшекейлегенде қолмен өрнектеуді қалай пайдаланғандарын сұрайды.	Балалар қуыршақ Айсұлумен сәлемдеседі. Қуыршақ Айсұлуға алжапқышты әшекейлеуге көмектесетіндерін айтады Сұқ саусақпен ортаңғы дөңгелекті салады. Өлең жолдарына сәйкес қимылдар жасайды. Балалар сұрақтарға жауап береді.
Рефлексиялық түзетушілік	Айсұлу балаларға әшекейлеген алжапқыштардың ұнайтынын, рақметін	Балалар қуыршақ Айсұлумен қоштасады.

	айтып қайтады. Педагог «Сезіп көр де, суретін сал» ойынын ойнатып, сабақты қорытындылайды.	Ойын ойнап, жұмыс жасаған орындарын жинайды.

Күтілетін нәтиже:

Болуы: алжапқыштың не үшін қажет екендігін, оның түрлерін.

Білуі: достарға қашан да көмектесу қажеттігін.

Қолынан келуі: сұқ саусақтарын пайдаланып алжапқышқа өрнек салуды.

Қаралды
26.01.22ж
Нұрлы

Тобы: «Жауқазын»
Өтетін күні: 27.01.2022 жыл
Білім беру саласы: «Шығармашылық».
Ұйымдастырылған оқу қызметі: Сурет
Тақырыбы: «Қар жамылған ағаштар»
Мақсаты: Баланы көзбен бағыт – бағдар жасай білуге үйрету. жаңа әдіспен таныстыру, сабаққа деген қызығушылығын арттыру.
Әдіс – тәсілдер: Түсіндіру, көрсету, әңгімелесу, сұрақ – жауап.
Қолданылатын құрал-жабдықтар: Көрнекі сурет, сурет салуға қажетті құралдар.

Іс-әрекет кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Жарқырап күнде ашылды, Айналаға нұр шашылды. Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! Қайырлы күн! Біз сүйкімді баламыз!	Балалар шаттық шеңберін құрады.
Ұйым*дастыру кезеңі*	Педагог өлең жолдарын оқып береді. Аппақ қыстың бояуы Аппақ қыстың бораны Ақ көрпеге орайды Ақ қар байтақ даланы - осы өлеңде не туралы айтылған? - Қыс мезгілінде неше ай бар? - Қыста күн қандай болады? - Енді айналаға, далаға қараңдаршы қандай болып жатыр? Сендер мына суреттен не көріп тұрсыңдар? «Қар жамылған ағаш» бейнесін саламыз. - Қылқаламды алып, қоңыр түсті гуашпен ағашты саламыз. Ағаштың жуан діңін, төменнен жоғары қарай салып, қар жамылған бейнені ақ гуашпен саламыз. Қар жауып тұрған сәтті шашырату әдісімен салып көрсету. - Балалар, орнымыздан тұрып, шеңбер	- Қыс мезгілі туралы - 3 ай бар. Желтоқсан, Қаңтар, Ақпан - Суық, аяз, боран. - Дала аппақ қар, ақ мақта сияқты. - Ағаштар, орман іші, айнала аппақ қар. - Ағаш бұтақтарын қырау басқан. Ағаштардың бәрі ақ тон, ақ қалпақ киіп алғандай. - Ағаштар, қыста да тіршілік етуін тоқтатпайды. - Қыста серуен кезінде ағаштың бұталарын сындырмау керек. Ағаштың түбіне қар үйінділерін үю керек. Балалар қар жамылған ағаш бейнесін салады. Балалар қимылдар жасайды.

	жасап «Көлеңке» деген ойын ойнаймыз. Бір аңды айтамын, сендер сол аңның жүрісін саласыңдар? Көлбең - көлбең көлеңкем, көлбеңдеген көлеңкем. Аю қалай жүреді, жүрісін салайық. Мен қоян деймін, сендер қоянның жүрісін саласыңдар. Балалар аңдар жүрісін салады	
Рефлексиялық түзетушілік	Балалардың салған суреттерін мадақтайды.	Балалар салған суреттерінен көрме ұйымдастырып тамашалайды.

Күтілетін нәтиже:

Болуы: Қыс мезгілінде ағаштар қар жамылатынын, оның ерекшеліктерін бейнелеуді

Білуі: Қардың әртүрлі қасиеті бар екенін, жылдың суық мезгілін

Қолынан келуі: Ақ түсті бояуды пайдалану арқылы қар жамылған ағаштарды бейнелей білуге және сурет бойынша әңгіме құрастыра білуді